**plans.label.author**: Байтымбетова Гаухар Курманалиевна
**plans.label.category**: Математика
**plans.label.class**: 3-сынып
**plans.label.section**: Кестелік көбейту және бөлу
**plans.label.theme**: 7 санына көбейту және бөлу кестесі

---

| | |
|---|---|
| Сабаққа негізделген оқу мақсаты: | 3.1.2.4 6; 7; 8; 9 сандарына көбейту мен бөлу кестесін құру, білу және қолдану<br>3.2.1.7. Формулаларды шамалардың арасындағы өзара қатынасты орнатушы теңдік ретінде түсіну. |
| Сабақ мақсаттары: | **Барлық білім алушылар:** 7 санына көбейту мен бөлу кестесін құру, білу және қолдану.<br>**Білім алушылардың басым бөлігі**: есептерді шығаруда шамалардың арасындағы тәуелділікті пайдалану.<br>**Кейбір білім алушылар:** шамалардың арасындағы тәуелділікті кескіндейтін әріптік өрнектерді өз бетінше жазу. |
| Тілдік мақсаттар: | Тілдік дағдылар: шамалардың өзара тәуелділігін түсіндіре алады.<br>Терминология: көбейту мен бөлу кестесі, есептерді шығаруда «бір заттың массасы», «саны», «жалпы масса»; «бір затқа жіберілген шығын», «заттардың саны», «жалпы шығын» шамаларының арасындағы тәуелділік<br>Сөз тіркестері:<br>Талқылау:<br>- Бір заттың бағасын қалай білеміз?<br>- Сатып алынған заттардың құны мен санын біле отырып, нені білуге болады?<br>- Бірдей заттардың жалпы массасын анықтау үшін нені білу қажет?<br>- Заттардың саны мен жалпы массасын біле отырып, бір заттың массасын қалай анықтаймыз?<br>Жазылым:<br>Сандық және әріптік өрнектерді, формулаларды жазу. |
| Құндылықтарды дарыту: | Отбасы мүшелерін құрметтеу, сыйлау. |
| Пәнаралық байланыстар: | Жаратылыстану. |
| Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім: | Екі жиынның бірігуі және қиылысуы |

## plans.stages

| plans.schedule.stages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|---|---|---|
| Басталуы:<br>(5мин.) | Ынталандыру.<br>Отырайық орнымызға бәріміз,<br>Құпияның қызығына қанықыз!<br>Санаймыз, жазамыз, оқимыз,<br>Шығарып есепті, көңілге тоқимыз!<br>Бүгін де күндегі тәрізді Сәттілік болатын күн ізгі!<br>Жаңаша материал үйреніп,<br>Дағдымыз болады тым берік.<br>Шын мықты мынаған сенеді:<br>«Бәрі де қолымнан келеді!» | |

| plans.schedule.stages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|---|---|---|
| Ортасы:<br>(20мин.) | Өзектендіру.<br>https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/7-ge-kobejtu-zhane-bolu-kestesi?mid=f888ae70-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe<br>5e1d83ebdf0ff.png<br><br>Image not found or type unknown<br>https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/7-ge-kobejtu-zhane-bolu-kestesi?mid=f888ae74-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe<br>5e1d8412c7a5c.png<br><br>Image not found or type unknown<br>«Кестені білемін» ойыны ойнатылады.<br>Балалар 2 командаға бөлінеді. Әрбір командадан 9 адамнан шығып, арақашықтықта орналасқан қатарлас екі сапқа тұрады. Әрбір сапта оқушылар ретімен санап, кеуделеріне қағазға жазылған тиісті нөмірді қадап алады. Көбейту кестесінен келтірілген қандай да бір санды айтылады, мысалы 48 саны. 48 саны – 6 саны мен 8 санының көбейтіндісі, сондықтан әрбір саптан осы нөмірі бар балалар жүгіріп шығуға тиіс.<br>**Мақсат қою (мәселелі жағдаят)**<br>1- тапсырма: оқушыларға мынадай жағдаятты ұсыну: сынып бүгін дәлізде кезекшілік етуде, олар бір-бірінен жеті қадам қашықтықта тұрады. 7-ден санау ұсынады. Жаңаны ашу. 3-а) тапсырманы орындайды – есептер бойынша өрнектер құрастырып, оларды шығарады, 3 ә) тапсырмада есептің қысқа жазуын толықтырып, оны шешулері қажет.<br>4-тапсырмада оқушылар есепке берілген суретті және кестені қарайды. Алдымен бір тауардың бағасын анықтау, содан кейін бағасы мен санын біле отырып, құнын анықтау керек екендігін көрсету маңызды.<br>- Есептің сұрағына жауап беру үшін нені білу керек екенін түсіндір?<br>- Бір дәптердің бағасын қалай білеміз?<br>- Бір дәптердің бағасын біле отырып, осындай 8 дәптердің құнын тап.<br>Түсіндіре отырып алғашқы бекіту Алғашқы бекіту үшін балалар оқытушының басшылығымен сурет және 5 және 6 кестелер бойынша есепті құрып, оны шығарады.<br>Өзіндік жұмыс АКТ мен жеке-жеке тапсырмалар орындау<br>https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/7-ge-kobejtu-zhane-bolu-kestesi?mid=f888ae73-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe<br>5e1d848849781.png<br><br>Image not found or type unknown<br>https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/7-ge-kobejtu-zhane-bolu-kestesi?mid=f888ae76-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe<br>5e1d84a58975b.png<br><br>Image not found or type unknown | 5e1d84e9d567f.png<br><br>Image not found or type unknown<br>Bilimland.kz |
| Аяқтылуы:<br>(3мин.) | Рефлексия. «Жетістік сатысы» | |